

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«ЮЖНАЯ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: ИСТОРИЧЕСКИЕ,
ПОЛИТИЧЕСКИЕ, СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ
И КУЛЬТУРНЫЕ ВОПРОСЫ СОТРУДНИЧЕСТВА»,**
посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и
20-летию отделения индологии и туркологии

Алматы, 17-18 апреля 2014 года

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

Редакционная коллегия:

доктор филологических наук Б.Н. Джубатова,
PhD Досова С.Н., PhD Габдуллин К.Т.
кандидат филологических наук Кортабаева Г.А.,
кандидат филологических наук Сапашев О.С.,
кандидат исторических наук Таубалдиева Д.С.,
кандидат философских наук Кокеева Д.М.,
Рахымбай Б.К.,
докторант Мукатова А.

Ответственные редакторы:

PhD Досова С.Н., PhD Габдуллин К.Т., Рахымбай Б.К.,
кандидат исторических наук Таубалдиева Д.С.

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Южная и Центральная Азия: исторические, политические, социально-экономические и культурные вопросы сотрудничества», посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 20-летию отделения индологии и туркологии. Алматы, 17-18 апреля 2014 года. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 299 б.

ISBN 978-601-04-0486-1

В сборнике собраны материалы международной научно-практической конференции «Южная и Центральная Азия: исторические, политические, социально-экономические и культурные вопросы сотрудничества». Сборник предназначен для широкого круга специалистов, интересующихся политологией, историей, филологией, культурологией, а также для преподавателей и студентов, специализирующихся в области востоковедческих наук. Статьи данного сборника могут быть полезны в качестве учебного материала для преподавания курсов, посвященных изучению региональных международных отношений.

Издается в авторской редакции.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: КӨНЕ РУ ТАҢBALАРЫНЫң МӘДЕНИЕТТЕГІ ІЗІ

Ешметова Б.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығыстану факультеті

Түркітану және ұндітану кафедрасы

ассистент, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Алматы, Қазақстан

zhan_bal@mail.ru

Аннотация Жазу мен қоғам тығыз байланыста болғандыктан, бұрын жазуды пайдаланған қоғамның өмір сүрген жері мен тарихына көз жүгірте отырып, көне ру таңбаларының сырьы тереңде екендігін ұғына ғүсетіндігіміз айқын. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті арқылы берілген фразеологизмдердің қолданысындағы тілдік ерекшеліктер.

Түйін сөздер: көне ру таңба, ру-тайпа, жазба дәстүрі

Резюме

В этой статье рассматривается роль древних тамгов в идеографии и письменности.

Resume

In this article the role of ancient patrimonial signs in ideography and writing is considered.

Key words: ancient tribal lettering, tribes-sort. phrase, phraseological unit.

«Мәдениеттің астары қалың, ондағы әрбір қимылды қаз қалпында қабылдасаң, өнерді ғүсінбегенін...» деген (О. Сүлейменов «АЗИЯ») ақын сөзінің астарында шындық жатқаны айғақ.

Қазак даласына Ұлы Жібек жолы арқылы келген мәдениеттің халқымыздың қалыптасуындағы алар орны ерекше болып табылады. Қазақтың қеңдігін, түркі халықтары мәдениетінің тұтастыры жайлы ақпаратты беруші де, әлемге танытушы болып табылатын Ұлы Жібек жолының халық көзқарасын қалыптастырды.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазу мен қазіргі жазуды зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық мәні зор.

Жазу мен қоғам тығыз байланыста болғандыктан, бұрын жазуды пайдаланған қоғамның өмір сүрген жері мен тарихына көз жүгірте отырып, көне ру таңбаларының сырьы тереңде екендігін ұғына ғүсетіндігіміз айқын.

Жазу теориясының ең басты сұрағы – жазу мәнінің, яғни, оның қалыптасуы, қолданылатын элементтері, тілге және ойлауға қарым-қатынасын айтамыз.

Дыбыстық тіл қажетті материалдық қабықшаны құрайды, ойлаудың дамуы мен оның негізгі адамдардың қарым-қатынасындағы құралы болып табылады.

Жазу – дыбыстық тілдегі қарым-қатынастың қосымша құралы, «жанғыртудың», «бекітудің» амалы болып табылады.

Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі, шешілмеген жұмбактарға толы. Өйткені алфавиттік жазу – дүниежүзі мәдениетінің қол жеткен орасан зор такбысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер үрпаққа мирас еткен. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті болып табылады.

Арғы замандағы жазудың тегі суреттеген басталғанын білеміз. Пиктографикалық жазудың біргіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық таңба (идеограмма) ие жеке сөзді немесе оның атауыш белшегін белгілейді.

Кестелі, кейіннен символдық бейнелерді, ақырында түгел шартты белгілерді қолдану – жазу тәсілін графикалық өнер тәсілінен ажыратудың ең маңызды ерекшелігі болып табылады. Жазудың дамуына байланысты бұл ерекшелік күшінде түседі, жазу таңбалық сипатқа ие болып, бірте-бірте бейнелеу өнерінен алшақтайды (қолдану тәсіліне қарай). Қазіргі (дыбыстық – әріптік жазуды) жазу белгісі – әріп-суреттік сипаты мүлде жойылған дыбыстың немесе фонеманың шартты белгісі болып табылады.

Бастапқы жазу фразеографикалық болған, яғни жеке сөздерге белінбеген тұтас бір хабарды берген. Қолдану аясына қарай фразеограммаларды 2 санатқа бөлеміз: бейнелеу пиктограммалар және шартты белгілер.

Жеке қолданылған көне шартты белгілер:

- 1) рулық және тайпалық таңбалар, сонымен қатар тотемдік;
- 2) рулық, тайпалық немесе жеке меншікті көрсететін белгі (таңба), жануарларға салатын таңба;
- 3) шеберлер өздері жасаған бұйымдарына салатын белгі;
- 4) әскер басылардың мөрлөрі, теңгелер, елтаңба, т.б.;
- 5) сиқыршылық және діни белгілер, зұлымдықтан сақтау (тыйым салу белгісі);
- 6) шартты оқшауланған таңбалар.

Ауыз әдебиетінде сақталып келген өлең-жырларда, археологиялық

қазыналарда, есік кітаптардың мұқабалары, тарауларында және бөлім аралықтарында кездесетін өрнектер мен суреттер, жүлдізшалар мен айшықтар, батырлардың қару-жараптарында кездесетін кейір жеке белгілер, таңбалар, әшекей әріппер де халықтық тарихи этнографиялық мұралар. Олардың құрамында әр түрлі ен-таңбалардың, ру таңбаларының элементтері жи ұшырайды.

Ал, жалпы ою-өрнек атаулары мазынасына қарай бірнеше топ құрайды:

- 1) ай, кун, жүлдіздарға – көк әлеміне байланысты өрнектер;
- 2) малға, денесіне, ізіне байланысты өрнектер;
- 3) аңға, денесіне, ізіне байланысты өрнектер;
- 4) құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер;
- 5) құстарға байланысты өрнектер;
- 6) жер, су, өсімдік, ғұл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер;
- 7) қару-құралдарға байланысты өрнектер;
- 8) геометриялық фигуralар текес өрнектер [1, 39-426.]

Сонымен қазақ өрнектері молшылық, көші-қон, жорықшылық заманындағы түрмисты, айналасындағы табиғатты, аңшылықты, геометриялық түсініктердің сырт түрпатын байқаудан туган ұғым негізінде дамығаны байқалады. Мысалы: «Баған өрнек» (бакан деп те айтады) тіреу діңгек деген ұғымды түспалдайды. «Балға», «балта» өрнектері өздері аттас және соған ұқсас өрнектердің де жасалуы мүмкін. Өйткені қайсыбір шеберлер өз ісінің маркасы есебінде, осы өз руының таңбасын бейнелеген болуы керек деген жорамалдар да бар. «Бес дөңгелек», кейде төрт бұрыш түрінде келетін өрнектер бір кездердегі ру таңбаларымен төрт түлік малға басылатын таңбаларды еске түсіреді. «Құмырсқа», «Шөміш», «Қос дөңгелек» өрнектері төрт түлік малдың ендері мен таңбаларынан шыққан [1, 28-296.]

Ертедегі ою-өрнектің семантикалық элементтері идеографикалық жазуға айналып отырған еді, мәселен, дөңгелек (шенбер) – күннің символы (құнтаңба), ирек сзықтар – су символы, крест – дүниенің төрт бұрышы, т.б.

Алғашқы жазу мен ертедегі ою-өрнектің бір-біріне қатыстылығы – маңызды мәселенің бірі.

Қазақтың ру тайпалары мен ен-таңбаларын идеограмма (идеографикалық жазу нұсқасы) деп түсінсек, мұндағы заттық бейне мен ұғымның, таңба мен оның аталуында байланыс бар екендігін аңгару қын емес. Өйткені бейнелік идеограммалардың тегінде заттық кескіннің өрнектелетіні белгілі. Демек, арғынның «көз таңбасы», қоңыраттың «босаға таңбасы» сияқты айғақтық белгілер мен ертедегі ру таңбаларының қорын жасайтын мезгіл жетті. Өйткені, оларды жинап, зерттеудің мәні сол: ен-таңбалар мен белгілердің тиісті заманда атқарған қызметтің айқындал, әлеуметтік орнын белгілеудің халқымыздың этногенезін шешуде ерекше орны бар [2, 656.]

Қазақстан жерінде тасқа түсірген мындаған көне ен-таңбалар, түрлі ою-өрнектер (қошқар мүйіз, түйетабан) т.б. кездеседі. Ен мен таңбаның сурет үлгісінің де, олардың атауларының да, осы атаулар катысып жасалған түрақты тіркестердің де тіл тарихы үшін, халық тарихы үшін берер дерегі өте мол. «Таңбасыз тай, енсіз қой» деген сөз тіркесінде ен мен таңба салуға дейінгі дәуір «мал-мұлік ру тайпаның ортақ меншігі болған дәуір» деген ұғым бар. Ол дәуірді суреттегендеге қазақтар «Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда» деп бастайтын.

Қазіргі ғылымға белгілі таңбалар болмысына карасақ, алғаш ірі тайпалардың таңбасы белгіленіп, кейін тайпа құрамындағы жекелеген ру өз тайпасының таңбасы негізінде өздеріне жеке рулық таңбаларды жасап алғанын көреміз. Фалымдардың (Н.А. Аристов, В.В. Бартольд, А.И. Левшин, М. Тынышпаев, С. Аманжолов) тұжырымдауынша негізгі ұйытқы тайпаның өзіндік белгілі бір таңбасы болады. Ал сол тайпадан кейін болініп шыққан, не сырттан келіп қосылып, кірігіп кеткен рулар әлгі тайпадағы ортақ таңбаға қосымша бір белгі салу арқылы өзінің жаңа таңбасын жасайды [3, 2996.]

Н. Аристов таңбалардың ұқсастығына қарап, ертедегі ру тайпалардың туыстық жақындығын айыруға болады дейді [4, 2836.]. Оның айтқан пікірін қолдай отырып, С. Аманжолов қазақтың ру тайпаларының таңба белгілерін салыстырып тиісінше қорытынды жасайды, қазақтың ең негізгі және маңызды рулары мен тайпаларын атап шығады. Қаңлы (таңбасы «I», көсеу таңбасы), дулат (

таңбасы «О», «дөңгелек тостаған»), жалайыр (таңбасы «Ш», «тарак»), аргын (таңбасы «ОО», «көз таңбасы»), қоңырат (таңбасы «П», «босаға»), қыпшақ (таңбасы «П», «қос әліп»), найман (таңбасы «V»), шанышқылы (таңбасы «↓↑», «қолтаңба»), жаппас (таңбасы «Z», «түйемойын») т.б.

Қыпшақ – негізгі тайпа, салыстырып қарасак, алшын мен найман таңбалары ұқсас, себебі таңбалардың орналасуы ешқандай мәнге ие емес, оның төңкерліп те, жантайып та, қисайып та түсे беретіні белгілі. Бірақ, бұл әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Алшын – негізгі тайпа. Алшынға таздар мен жаппас рулар кіреді. Таңбалары Z (зет) әрпіне ұқсас болғанымен, үшінші бір сыйық қосу арқылы негізгі алшын (A) таңбасында жатыр. Алшын құрамында алмінің таңбасы екі алшын таңбасының қосылуынан M әрпіне ұқсас [5, 14-156.] .

Ә. Марғұланның көрсетуі бойынша [7, 1456.] орта ғасырдағы үйсін тайпасының таңбасы «ұш әліп» түрінде кездеседі, ал «Қазактың көне тарихы» деген кітаптағы деректе қазіргі қазақ ішіндегі үйсіндер тайпасының таңбасы «ту» және «ағын су» формасында делінген [9, 626.] .

Cіргелі тайпасының таңбасы:

Біріншісі «курай» – далада өсептің өсімдік атауы.

Екіншісі – керейдің таңбасына ұқсас.

Үшіншісі – бұрынғы ногайлы тайпасының руы үш таңбалының таңбасына ұқсас [10, 916.] .

Керей – негізгі тайпа. Таңбасы + (ашамай). Бұл таңба басқа рулардікіне ұқсамайды.

Табын таңбалары әр түрлі. Ортак таңбасы – «О» (тостаған), «І» (әліп).

Дулат таңбасына О «дөңгелек», таңбаның варианиттары:

«О» (шөміш) – шөмішті табын таңбасы,

«Ш» (тарак) тарақты табын таңбасы, жалайыр руының таңбасына ұқсас.

«І» (әліп) қаңды таңбасымен бірдей. Бұрын табындықтар Дулаттардан бөлінгендіктен кіші жүзде негізгі болып есептеледі де, ал басқа руларды одан таратады. Таңбаларының ұқастығын басқаша түсіндіруге келмейтін сияқты.

Сыйқым руының таңбасы «♀ІЛ» (Гродеков, Аманжолов, Тынышпаев деректері). Біріншісі дулаттың «О» «дөңгелек таңбасы» негізінде десек, екіншісі «көсөу» қаңды мен ысты таңбасына ұқсас. Үшіншісі «тік бұрышты таңба» басқа еш жүзде жоқ [10, 98-102 б.] .

C. Аманжоловтың айтуы бойынша: көптеген тайпалар мен рулар үш ордада да кездеседі. Қоңырат тайпалар мен руларды үш жүзге де бірдей жатқызуға болады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жүзге (ордаға) бөлу тайпалардың туыстық белгілеріне қарап емес, оларды аймақ бойынша орналасуына байланысты бөлу, яғни жеке ру мен тайпалардың экономикалық мұддесі жағынан бірігуіне байланысты [5, 35-366.] .

Тайпалардың табиги өсуіне байланысты олардың жайлауы мен көшіп-қонатын жерін кеңейту болды. Күшті тайпалар әлсіз тайпаларға мезгіл-мезгіл шапқышылық жасауы оларды тайпалық әдәккә бірігүе мәжбүр етті. Алғашқы қоғамдық топтар біресе бөлініп (дифференция), біресе бірігіп (интеграция) отыруының нәтижесінде бір-бірімен біртіндеп қосылып, сан жағынан кеміп отырды, оның есесіне тайпа одағы ірілөніп, саны ұлғая түсті.

Тайпалар мен руларды атап шығу, олардың таңба белгілерін салыстыру арқылы ежелде өз алдына жеке өмір сүрген этномидердің қайсысынан қазақ халқы тарағандығын анықтауға болады.

Демек, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, Гродеков, М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, т.б. ғалымдарымыздың еңбектері негізінде қазақ ру-тайпаларын бүкіл түркі тілдес қалықтар таңбасымен салыстыра зерттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасиманов С. Қазақ халқының кол өнері. А., «Қазақстан », 1969.
2. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., «Санат», 1996.
3. Салғарин К. Қазақтың қылы тарихы. А., 1992.
4. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина», вып. 3-4, сп. 5, 1896 г.
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1959.
6. Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы. «Жұлдыз», 1984, 1-қантар.
7. Марғұлан Ә. Найман, керей, онгіттердің жазулары. «Ақыят», 1993, № 7, 70-76 б.
8. Қазақтың көне тарихы. А., 1993 (Шынжан халық баспасы, 1987).
9. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925. (А., 1990 қайта басылған).
10. Востров В.В., Мұқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. А., 1968.

Бахар Изол ҚАЗАҚ, ТҮРІК АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЙТЫСТЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МІНДЕТТЕРІ	257
Бегимова Г.А., Есимбекова Н.Е. ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕ ӘЙЕЛ-АНАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ	261
Досымбекова Р.Ә. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИЕЛІ «7», «9», «40» САНДАРЫНЫҢ ГЕНЕЗІСІ.....	264
Есеналиева Ж.Ж. УДО ШТАЙНБАХ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ.....	268
Сапашев О.С., Мелехин Я.Р. КОНЦЕПТ ПАССИОНАРНОСТИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА В КОНТЕКСТЕ ЭТНИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ	269
Ешметова Б.Б. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: КӨНЕ РУ ТАҢBALАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТТЕГІ ІЗІ.....	273

*ПОДСЕКЦИЯ №4.
РЕЛИГИЯ ИНДИИ И ТЮРКСКИХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ*

Ферах Түркөр ALTAYLILARIN İNANÇ SİSTEMLERİ: AK DİN СИСТЕМА ВЕРЫ У АЛТАЙЦЕВ: БЕЛАЯ ВЕРА	276
Шалқаров Д.Б. ОРТА АЗИЯДАҒЫ ХАНАФИЙА ДӘСТҮРЛІ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ІЛМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МӘДЕНИ РУХАНИ НЕГІЗДЕР	279
Байтенова Н.Ж., Көкеева Д.М. ДІН ЖӘНЕ СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІ.....	283
Таубалдиева А. КОЧЕВНИКИ: ПОЧИТАНИЕ БОЖЕСТВ (на материале худ.фильмов)	287
Құрманғазықызы М. ҮНДІСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛ РӨЛІ	290